

EGEMEN QAZAQSTAN

№182 (30411) 23 ҚЫРКҮЙЕК, ЖҰМА 2022 ЖЫЛ

Жүз жылдық жиналма

www.egemen.kz E-mail: info@egemen.kz

FACEBOOK.COM/EGEMENKZ TWITTER.COM/EGEMENKZ

Қауіпсіздік кеңесінің отырысы өтті

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Ақордада Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік кеңесінің шұғыл отырысы өтті.

Жиында Қасым-Жомарт Тоқаевтың БҰҰ Бас Ассамблеясы 77-сессиясына қатысу үшін Нью-Йоркке барған сапарының және бірқатар мемлекеттің басшыларымен, БҰҰ басшылығымен, АҚШ іскер топтарымен кездесулерінің қорытындысы аясындағы халықаралық және өңірлік қауіпсіздік мәселелері қарастырылды.

Отырыс соңында Президент бірқатар тапсырма берді.



Суретті түсірген А. ДУСЕНБЕКОВ

Марапат пен алғыс

Әскери және қызметтік борышын атқару кезіндегі жанқиярлығы және төтенше жағдайда көрсеткен ерлігі үшін Қостанай облысындағы орман өртен сөндіруге қатысқан 20 адам «Ерлігі үшін» медалімен марапатталды. Сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 48 азаматқа алғыс жариялады.

Отандық футболдың зор жетістігі

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің Twitter парақшасында футболдан Ұлттық құрама спортшыларын жеңісімен құттықтады.

«Беларусь командасын жеңген футболшыларымыз Ұлттар лигасындағы өз тобында жеке-дара көш бастады. Бұл – отандық футболдың зор жетістігі. Ұлттық

құрамамызды құттықтаймын! Жеңістен жеңіске жете беріңіздер!» делінген Мемлекет басшысының Twitter парақшасындағы жазбада.

Үміткерлерді тіркеу басталды



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына үндеу жариялап, кезектен тыс президенттік сайлауды 20 қарашаға белгіледі. Бүгін Президент сайлауына үміткерлерді ұсыну басталады.

Оралхан АХМАДИЯ,
«Egemen Qazaqstan»

Үміткерлер 11 қазан сағат 18.00-ге дейін тіркеле алады. Ел тарихындағы саяси маңызды оқиға мемлекет дамуының жаңа

дәуірін қалыптастырады деген сенім мол.

Нұрлан Әбдіровтің төрағалығымен Орталық сайлау комиссиясының отырысы өтіп, кезектен тыс Президент сайлауын өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың

күнтізбелік жоспары бекітілді. Сондай-ақ шет мемлекеттер, халықаралық ұйымдар байқаушыларының, шетелдік БАҚ өкілдерінің қызметін ұйымдастыру, сайлауа дайындық кезеңінде сайлау комиссияларының мүшелерін және сайлау процесінің басқа да қатысушыларын оқытуды ұйымдастыру туралы шаралар қабылданды.

Отырысты ашқан Орталық сайлау комиссиясының төрағасы Н.Әбдіров Президент сайлауы ел

өміріндегі маңызды қоғамдық-саяси оқиға екенін атап өтті. «Қазақстан Республикасы Президентінің сайлауын тағайындаумен сайлау циклі басталады, ол саяси жүйені жаңғыртуға негізделген және маусым референдумында азаматтардың көпшілігі қолдаған конституциялық реформаның логикасына толық сәйкес келеді», деді Н.Әбдіров.

(Соңы 3-бетте)

ТУКПІРДЕГІ ТҮТІН

Тірлігінің кенеуі кеткен Тегістік

Ескі «Хонда» көлігі асфальт жолдың апшысын қуырып, жүйткіп келеді. Бағытымыз – Ресеймен шекара түбінде орналасқан Тегістік елді мекені. Рульдегі Ерганап есімді азамат әлгі ауылда туып-өскенін, қазір қалада тұрақтаса да туған топырағына аңсары ауып тұратынын айтады.

Мұрат ҚАПАНҰЛЫ,
«Egemen Qazaqstan»

Облыс орталығынан шыққанда тұл-тура 220 шақырым

жүреміз деп ескертіп те қойған. Алдыңғы орынға жайғасып алып, жүргізуші жігіттен бағыт түзеген өлке жайында асықпай сыр суыртып бастадым.

Тегістік – қазығы ерте заманнан қағылған, бүгінде қаңсып қалған Аралдың күйін кешкен, көнерген қазақ ауылы екен. Тереңкөл өңіріндегі елді мекендердің көбі орысшаға жүйрік, мектептерінің басым бөлігі аралас екені мәлім. Бұл жерлерге тың игеру жылдары өзге ұлт өкілдері көп шоғырланып, жергілікті халықтың тілі де, мәдениеті де өзгеріске

ұшыраған. Көп ауылдағы қарақөздеріміздің бойынан ұлтымызға тән ұшқын таба алмайсыз. Ал Тегістік жұртының жөні бөлек, кезінде қаймағы бұзылмаған қазақ ауылы болыпты. Мектебінде ана тілімізде білім беріп, одан түлеген тұлғалар бүгінде өмірдің әр саласында абыройлы қызмет етіп жүр.

(Соңы 8-бетте)

ТАБИҒАТ ТЕРЕЗЕСІ

Бұқтырманың бойымен...

Бұрылуда мұрша жоқ қарбалас кезде резенке қайығымызды аркалап, Бұқтырмаға қарай түскенбіз. Тамыздың аяқ шені. Шөп науқанының дәл қызған тұсы-тұғын. Еңбекке жараған елдің бәрі қыс қамы үшін жанталасып жүр. Ал біз келімді-кетімді туристермен жағаласып, рафтинг жасап қайтпақпыз.

Мерей ҚАЙНАРҰЛЫ,
«Egemen Qazaqstan»

Рафтинг деп желпініп жүргеніміз – резенке қайық мініп, таудың тентек өзенінің ағысымен ағу. Бұл кейінгі жылдары сұранысқа ие спорт түріне айналды. Оны байқаған Катонқарағай мемлекеттік

ұлттық табиғи паркі рафтингті өздерінің қызмет көрсету түрлеріне қосқан.

Біздің Алтай тауын араламаған жеріміз кемде-кем. Анау шығыстың шығысындағы Шыңдығатайдан бастап, Нарын жоталарына дейін түстік. Тік-ұшақпен де түгендегенбіз. Күнгей жағына табанымыз

неше тиді. Биыл тауға шығуды қоя тұрып, Бұқтырмада бір жүзіп көрмейміз бе деген ой сақ ете қалған. Сақ ете қалған ой миға маза берсін бе, ауа райы болжамын қарап отырып, шуақты күннің біріне сапарымызды белгіледік. Шуақты күн деймін, биыл аспанды андасанда бұлт торлағаны болмаса, жердің шөлін қандырып тұрып жауын жаумаған. Кей жылдары сібірлеген жаңбыр мезі етуші еді ғой. Биыл жоқ, даланың шаңы шығып жатты...

(Соңы 14-бетте)

ФУТБОЛ

Топ бастады жігіттер «ТОМАҒАСЫН» сыпырып

Қаншама сәтсіздік, қаншама сүреңсіз ойын, ұыста тұрып соңғы секундтарда сусып кеткен жеңістер, жанкүйерлердің күйініші... Ел футболындағы осынша сұрғылт күндерді сыпырып тастап, біздің жігіттер жеңіске жетті! Ұлттар лигасының «С» тобында ұтымды ұпай жинаған құрамамыз топ бастады!



(Соңы 15-бетте)

РЕСМИ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен наградтау туралы

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Әскери және қызметтік борышын атқарудағы жанқиярлығы, сондай-ақ төтенше жағдайда көрсеткен ерлігі үшін наградталсын:

«Ерлігі үшін» медалімен

- Ахметқалиев Сұлтан Сәкенұлы – Төтенше жағдайлар министрлігі Астана қаласы Төтенше жағдайлар департаменті өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі №2 мамандандырылған өрт сөндіру бөлімінің бөлімше командирі
- Әбуқалық Азат Рысқалиұлы – Төтенше жағдайлар министрлігі Астана қаласы Төтенше жағдайлар департаменті өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі №17 өрт сөндіру бөлімінің өрт сөндірушісі
- Әкім Алдияр Ермекұлы – Төтенше жағдайлар министрлігі Астана қаласы Төтенше жағдайлар департаменті өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі № 5 мамандандырылған өрт сөндіру бөлімінің аға өрт сөндірушісі
- Бағытжанов Нұрсұлтан Жұмашұлы – Төтенше жағдайлар министрлігі Қостанай облысы Төтенше жағдайлар департаменті өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметінің №23 өрт сөндіру бөлімінің бөлімше командирі
- Базаров Ержан Оралханұлы – Төтенше жағдайлар министрлігі «Қазавиақұтқару» АҚ әуе кемесінің командирі
- Байбөгенов Аслан Тәуекелұлы – Төтенше жағдайлар министрлігі Қостанай облысы Төтенше жағдайлар департаменті өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметінің №15 өрт сөндіру бөлімінің бөлімше командирі
- Бауэр Алексей Александрович Боромбаев – Төтенше жағдайлар министрлігі Қостанай облысы Төтенше жағдайлар департаменті өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметінің №21 өрт сөндіру бөлімінің бөлімше командирі
- Айдос Сағынайұлы – Төтенше жағдайлар министрлігі «Қазавиақұтқару» АҚ әуе кемесінің командирі
- Ержанов Айбек Ахметбекұлы Жапаров Самат Таласпайұлы – Төтенше жағдайлар министрлігі Солтүстік Қазақстан облысы Төтенше жағдайлар департаменті өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі №2 мамандандырылған өрт сөндіру бөлімінің бөлімше командирі
- Жолдасов Нұрсұлтан Өмірсерікұлы – Төтенше жағдайлар министрлігі Ақмола облысы Төтенше жағдайлар департаменті өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі № 9 мамандандырылған өрт сөндіру бөлімінің аға өрт сөндірушісі
- Қайыров Қуанышбек Жұмабайұлы – Ұлттық ұланнның «Орталық» өңірлік қолбасшылығының 5510 әскери бөлімінің сержанты
- Махамбетов Алматы Арыстанбекұлы – Төтенше жағдайлар министрлігі Солтүстік Қазақстан облысы Төтенше жағдайлар департаменті өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі №18 мамандандырылған өрт сөндіру бөлімінің өрт сөндірушісі
- Мусин Абай Боранбайұлы Рахин Ербол Қайырбайұлы Төлеухан Әнуар Жанатұлы – Ішкі істер министрлігінің ІІШ. Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының старшинасы
- Флейтлинг Александр Аликович – Төтенше жағдайлар министрлігі Астана қаласы Төтенше жағдайлар департаменті өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі №6 мамандандырылған өрт сөндіру бөлімінің бөлімше командирі
- Флейтлинг Александр Аликович – Қорғаныс министрлігінің 31775 әскери бөлімінің материалдық-техникалық ротасының трактор жүргізушісі
- Хасенов Мұрат Қалиханұлы Шайсұлтанов Медет Еркінұлы – «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» АҚ өрт сөндіру пойызының бастығы
- Хасенов Мұрат Қалиханұлы Шайсұлтанов Медет Еркінұлы – Төтенше жағдайлар министрлігі Ақмола облысы Төтенше жағдайлар департаменті өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі №2 мамандандырылған өрт сөндіру бөлімінің бөлімше командирі
- Щурихин Максим Сергеевич – Төтенше жағдайлар министрлігі Ақмола облысы Төтенше жағдайлар департаменті өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі №6 мамандандырылған өрт сөндіру бөлімінің аға өрт сөндірушісі.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті
Қ.ТОҚАЕВ

Астана, Ақорда, 2022 жылғы 22 қыркүйек
№ 1020